Әділет

**"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 1 маусымда № 15193 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.06.2023 № 227 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11426 болып тіркелген, 2015 жылғы 9 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің бір данасын "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін, мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының назарына жеткізуді;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*
*Еңбек және халықты* *Т. Дүйсенова*
*әлеуметтік қорғау министрі*

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Акпарат және коммуникациялар министрі
_____________________ Д. Абаев
2017 жылғы 28 сәуір

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2017 жылғы 25 сәуірдегі
№ 93 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 5 мамырдағы
№ 320 бұйрығымен
бекітілген

## Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 04.10.2017 № 329 (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ассистент – Халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантқа және кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне консультациялар, әңгімелесулер өткізуге, сондай-ақ әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізуге жәрдемдесу функцияларын орындайтын жұмыскері;

2) атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдары немесе "Қазпочта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

3) әлеуметтік бейімдеу шаралары – "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында айқындалған мүгедектерді әлеуметтік оңалту шараларын, өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдарға "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көрсетілетін өзге де мемлекеттік қолдау шараларын қамтитын іс-шаралар кешені;

4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант (бұдан әрі – консультант) – Халықты жұмыспен қамту орталығының атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға және күнкөрісі төмен адамға (отбасыға) оның (олардың) кедейлік шегінде болуымен байланысты жағдайдан шығуына жәрдемдесуді жүзеге асыратын жұмыскері;

5) әлеуметтік келісімшарт – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматы не оралман, сондай-ақ " Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Халықты жұмыспен қамту туралы заң) көзделген жағдайларда өзге адамдар мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы, ал Халықты жұмыспен қамту туралы заңда көзделген жағдайларда, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын ұйымдастыруға тартылған жеке және заңды тұлғалармен тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы келісім;

6) еңбекке қабілетті адам (еңбекке қабілетті отбасы мүшесі) – "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген он алты жастан бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі, еңбекке және белгілі бір біліктілік деңгейіндегі, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілетті адам немесе отбасы мүшесі;

7) жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

8) жиынтық табыс – атаулы әлеуметтік көмек тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің сомасы;

9) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесі (бұдан әрі – Үлгілік тізбе) – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен және әлеуметтік келісімшарт жасау кезінде пайдалану үшін ұсынылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің және әлеуметтік бейімдеудің белсенді шараларының тізбесі;

10) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын және оралмандарды, сондай-ақ Халықты жұмыспен қамту туралы заңда көзделген жағдайларда өзге адамдарды мемлекеттік қолдау шаралары;

11) күнкөрісі төмен адамдар (отбасылар) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар);

12) отбасыға берілетін көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – Халықты жұмыспен қамту орталығы атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге жүгінген адаммен және (немесе) оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасаған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары;

13) "Өрлеу" жобасы – отбасының (адамның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің ( адамның), әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасына (адамға) шартты ақшалай көмек беру жөніндегі іс-шаралар кешені;

14) уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

15) учаскелік комиссия – "Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө бұйрығымен (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5562 болып тіркелген) бекітілген Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережеге сәйкес атаулы әлеуметтік көмек алуға жүгінген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия;

16) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия – "Кейбір үлгілік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 482 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13867 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 482 бұйрық) бекітілген Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) комиссия туралы үлгілік ережеге сәйкес аудан, қала, облыстық және республикалық маңызы бар қалалар, астана аумағында халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында құрылған халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссия;

17) халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия – № 482 бұйрықпен бекітілген Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия туралы үлгілік ережеге сәйкес облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағындағы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында құрылған халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі комиссия;

18) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – Орталық) – ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және Халықты жұмыспен қамту туралы заңға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын мемлекеттік мекеме.

## 2-тарау. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

3. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) Заңның 2-бабының 1-2-тармағына сәйкес жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалада, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын адамға немесе отбасыға шартсыз немесе шартты ақшалай көмек түрінде беріледі.

4. Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адам немесе отбасы атаулы әлеуметтік көмек туралы ақпарат алу үшін тұрғылықты жері бойынша Орталыққа, ал тұрғылықты жері бойынша Орталық болмаған жағдайда – кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне (бұдан әрі – әкім) жүгінеді.

5. Үміткер адам немесе отбасы жүгінуі процесінде оған консультация беріледі, оның барысында:

1) мынадай:

шартсыз және шартты ақшалай көмек алу шарттары туралы;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысу шарттары туралы;

әлеуметтік келісімшарт жасасу қажеттілігі, әлеуметтік келісімшартқа қатысушы тараптардың міндеттемелері және әлеуметтік келісімшартты бұзу шарттары туралы;

атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін азайту және (немесе) тоқтата тұру шарттары туралы;

атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі туралы;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен сұратылатын мәліметтер тізбесі туралы ақпарат беріледі;

2) адамның немесе отбасының жан басына шаққандағы орташа табысын және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін алдын ала есептеу жүргізіледі.

Консультацияны Орталықтарда консультанттар, ал адам әкімге жүгінген жағдайда ассистенттер береді.

6. Консультация беру нәтижелері бойынша адам немесе отбасы (бұдан әрі – өтініш беруші) өз тарапынан немесе отбасының атынан осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішпен жүгінеді.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (төлқұжаты), Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, босқын куәлігі ), ал оралмандар үшін – оралман куәлігі – сәйкестендіру үшін;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер;

3) атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банктік шот нөмірі туралы мәліметтер;

4) баланың (барлық балаларға) туу (қайтыс болу) туралы куәлігі – Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамызға дейін жүргізілген тіркеулер бойынша;

5) өтініш берушінің деректерінде баланың туу туралы куәлігіндегі деректерден айырмашылық болған жағдайда неке қиюды (бұзуды) тіркеу туралы куәлік – Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымға дейін жүргізілген тіркеулер бойынша;

6) "Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген) 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы, егер он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін асырауындағылар орта, техникалық және кәсіптік ортадан кейінгі білім беру, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын болып табылса, оқу орнынан жылына бір рет сұратылады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тартылатын еңбекке қабілетті отбасы мүшелері өтінішке қосымша:

"Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министірінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) мемлекеттік көрсетілген қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс іздеуші адам ретінде тіркелуге өтінішті;

еңбек қызметін растайтын құжатты (бар болса);

білімі, біліктілігі, арнайы білімінің немесе кәсіптік даярлығының болуы туралы құжатты (бар болса) ұсынады.

Он алты жасқа толмаған адамның атынан ата-анасының немесе оның заңды өкілдерінің біреуінің еңбек қызметін жүзеге асыруға келісімі туралы еркін нысанда жазылған өтініш ұсынылады.

Үшінші адамның атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті және қажетті құжаттарды беруі атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар адамның нотариат куәландырған сенімхаты бойынша жүргізіледі.

Өтініш беруші құжаттарды салыстырып тексеру үшін түпнұсқада ұсынады.

7. Өтініш қабылдау кезінде Орталық немесе әкім осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) сұрау салуды дербес қалыптастырады.

8. Әкімде немесе Орталықта ақпараттық жүйелерге рұқсаты болмаған немесе ақпараттық жүйелердегі мәліметтер сәйкес келмеген (жоқ болған) кезде өтініш беруші осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша мынадай құжаттарды қоса береді:

1) отбасының әрбір мүшесіне тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелуін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы);

2) баланың туу (қайтыс болуы) туралы куәлігі (барлық балаларға) –Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамызға дейін жүргізілген тіркеулер бойынша;

3) өтініш берушінің деректерінде баланың туу туралы куәлігіндегі деректерден айырмашылық болған жағдайда неке қиюды (бұзуды) тіркеу туралы куәлік – Қазақстан Республикасы аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша;

4) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеуді немесе бала асырап алуды растайтын құжат – қорғаншылық (қамқоршылық) белгіленген немесе бала асырап алған жағдайда;

5) мүгедектікті белгілеу туралы анықтама – мүгедектік белгіленген жағдайда;

6) дара кәсіпкер статусын растайтын құжат.

9. Өтініш берушінің өтінішін қарау барысында әкім немесе Орталық:

1) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін өтініш берушіден қабылданатын құжаттар пакетінің толықтығын, ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтердің толықтығын және олардың өтініш беруші ұсынған мәліметтермен сәйкестігін тексереді;

2) түпнұсқада ұсынылған құжаттарды сканерлейді. Құжаттардың электрондық көшірмелері әкімнің немесе Орталық маманының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Құжаттарды сканерлеу мүмкіндігі болмаған жағдайда – өтініш беруші ұсынған құжаттардың көшірмелерін жасайды. Құжаттардың қағаз көшірмелері әкімнің немесе Орталық маманының қолтаңбасымен куәландырылады, одан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге үзбелі талонмен бірге қайтарылады;

3) сканерлеу (көшіру) сапасын және электрондық және (немесе) қағаз көшірмелерінің осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарына сәйкес өтініш беруші ұсынған түпнұсқаларға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

10. Әкім немесе Орталық өтініш берушіге мынадай:

өтініш беруші құжаттардың толық емес тізбесін және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған;

ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі белгіленген;

ақпараттық жүйелерден атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау, төлеу немесе оны тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда кідіріссіз осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құжаттар қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты береді.

11. Өтініш беруші құжаттардың толық тізбесін ұсынған жағдайда:

1) әкім:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеу журналында өтінішті тіркейді және өтініш берушіге өтінішке үзбелі талон береді. Ақпараттық жүйелерге рұқсат болған кезде – осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеудің электрондық журналында тіркейді;

атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін немесе электрондық құжаттар пакетін (бұдан әрі – ЭҚП) қалыптастырады және оны өз қолтаңбасымен немесе ЭЦҚ арқылы растайды;

өтініш берушіден құжаттар пакетін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін өтінішпен қоса, өтініш иесінің және отбасы мүшелерінің жеке басты куәландыратын құжаттарын, өтініш иесінің және отбасы мүшелерінің мекенжай туралы анықтама құжаттарын учаскелік комиссияға береді;

өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей учаскелік комиссияның қорытындысын қоса отырып өтініш берушінің құжаттар пакетін Орталыққа тапсырады;

2) Орталық:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеудің электрондық журналында өтінішті тіркейді және өтініш берушіге өтінішке үзбелі талон береді;

құжаттарды қабылдаған күні еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін, олардың өтініштері бойынша Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 13-бабына сәйкес жұмыс іздеуші адам ретінде тіркейді;

қағаз жеткізгіште құжаттар пакетін немесе өтініш берушінің ЭҚП-сын қалыптастырады және оны өзінің қолтаңбасымен немесе ЭЦҚ арқылы куәландырады;

өтініш берушіден құжаттар пакетін алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау және

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындау үшін өтінішпен қоса, өтініш иесінің және отбасы мүшелерінің жеке басты куәландыратын құжаттарын, өтініш иесінің және отбасы мүшелерінің мекенжай туралы анықтама құжаттарын учаскелік комиссияға береді;

12. Учаскелік комиссия әкімнен немесе Орталықтан құжаттар пакеті келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізеді және оның нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

Өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау өтініш берушінің, ал ол болмаған жағдайда – кәмелеттік жастағы әрекетке қабілетті отбасы мүшесінің қатысуымен жүргізіледі.

Учаскелік комиссияның мүшелері қорытындыға қол қояды және танысу үшін өтініш берушіге, ал ол болмаған жағдайда – зерттеп-қарауды жүргізуге қатысқан кәмелеттік жастағы әрекетке қабілетті отбасы мүшесіне ұсынылады.

Өтініш берушінің, ал ол болмаған жағдайда – кәмелеттік жастағы әрекетке қабілетті отбасы мүшесінің зерттеп-қарау жүргізуден бас тартуы учаскелік комиссия мүшелерінің көпшілігі қол қоятын хаттамада белгіленеді.

Өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға күнтізбелік бір жыл ішінде қайта жүгінген кезде өтініш беруші ұсынған мәліметтерді нақтылау қажет болған, сондай-ақ тұрғылықты жері (бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде), өтініш берушінің (отбасының) құрамы мен табыстары өзгерген жағдайларда ғана зерттеп-қарау жүргізіледі.

13. Орталық өтініші беруші немесе әкім ұсынған құжаттар пакеті мен учаскелік комиссияның қорытындысы негізінде:

1) көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмек түрін айқындайды: шартсыз немесе шартты ақшалай көмек;

2) адамның (отбасының) жиынтық табысын "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5757 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесіне (бұдан әрі – Жиынтық табысты есептеу қағидалары) сәйкес атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға жүгінген тоқсан алдындағы тоқсан үшін есептейді;

3) шартты ақшалай көмек тағайындауды келісу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттарды халықты жұмыспен қамту жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның карауына жібереді;

4) адамға (отбасыға) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем кезеңін ұзарту, төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан бас тарту, төлемді тоқтату) туралы электрондық шешім жобасын (бұдан әрі – электрондық шешім жобасы) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес дайындайды, олар ЭҚП қалыптастыруды тікелей жүзеге асыратын Орталық маманының, Орталықтың құрылымдық бөлімшесі басшысының және Орталық басшысының ЭЦҚ-сымен куәландырылады;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық шешім жобасын атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауға өтінішті электрондық тіркеу журналында тіркеуді жүзеге асырады;

6) электрондық шешім жобасын басып шығарады және уәкілетті органға жібереді.

14. Уәкілетті орган Заңның 4-бабының 8-тармағына сәйкес ЭҚП немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін және электрондық шешім жобасын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде:

1) өтініш беруші ұсынған құжаттардың толықтығын және дәйектілігін, ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтердің дәйектілігін тексереді. Қажеттігіне қарай тиісті мемлекеттік органдарға, уәкілетті ұйымдарға және орталық мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне өтініш беруші ұсынған мәліметтерді нақтылау үшін сұрау салуды жүзеге асырады. Бұл ретте атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем кезеңін ұзарту, төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан бас тарту және төлемді тоқтату) туралы шешім қабылдау мерзімі ол туралы өтініш берушіні Орталық арқылы сұрау салу жүзеге асырылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабарламамен уәкілетті орган басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның шешімі бойынша күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылады;

2) таңдалған атаулы әлеуметтік көмек түрінің және жиынтық табысын есептеудің және Орталық жүргізген адамның (отбасының) атаулы әлеуметтік көмекті есептеудің дұрыстығын тексеруді;

3) ұсынылған құжаттардың, мәліметтердің толық еместігі және дәйексіздігі және атаулы әлеуметтік көмек түрін таңдау, жиынтық табысты есептеу және адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін есептеу кезінде қателер табылған жағдайда ЭҚП немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін және электрондық шешім жобасын пысықтауға қайтаруды;

4) атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау (төлем кезеңін ұзарту, төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан бас тарту, төлемді тоқтату) немесе оны тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдауды, ол туралы өтініш берушіні Орталық немесе әкім арқылы, ал бас тартылған жағдайда – оның себебін көрсете отырып жазбаша хабарландыруды жүзеге асырады.

15. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау (төлем кезеңін ұзарту, төлем мөлшерін өзгерту, тағайындаудан баста тарту, төлемді тоқтату) туралы шешімге басшы немесе оның міндетін атқарушы адам ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қояды.

16. Орталық электрондық шешім жобасы және өтініш берушінің құжаттар пакеті пысықтауға қайтарылған кезде үш жұмыс күні ішінде:

1) құжатта көрсетілген мәліметтерді өтініш берушіде немесе әкімде нақтылайды;

2) адамның (отбасының) жиынтық табысын және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін есептеуді жүргізеді;

3) пысықталған ЭКП немесе қағаз жеткізгіштегі құжаттар пакетін және электрондық шешім жобасын осы Қағидалардың 13-тармағында айқындалған тәртіппен нақтыланған мәліметтермен уәкілетті органға жібереді.

17. Орталық уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өзіне немесе әкім арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаны береді.

18. Атаулы әлеуметтік көмек төлеуді уәкілетті орган атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымның банктік шоттарына аудару жолымен жүргізеді.

19. Атаулы әлеуметтік көмек мөлшері отбасы мүшелерінің құрамы өзгерген жағдайда көрсетілген мән-жайлар орын алған күннен бастап қайта есептеледі.

Атаулы әлеуметтік көмек алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшерінің немесе оны алу құқығының өзгеруіне негіз болатын мән-жайлар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Орталықты, ал ауылдық жерде әкімді ақпараттандырады.

Алушы атаулы әлеуметтік көмек мөлшеріне әсер ететін мән-жайлар туралы уақытында хабардар етпесе, көмек мөлшері көрсетілген мән-жайлар пайда болған сәттен бастап, бірақ оны тағайындау күнінен ерте емес қайта есептеледі, ал өтініш беруші атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз тағайындауға әкелген дәйексіз мәліметтерді ұсынғаны анықталған жағдайда адамға (отбасыға) атаулы әлеуметтік көмек төлеу оның тағайындалған кезеңіне тоқтатылады.

**1-параграф. Шартсыз ақшалай көмек тағайындау тәртібі**

20. Шартсыз ақшалай көмек жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу мүмкіндіктері шектеулі күнкөрісі төмен адамдарға ( отбасыларға) көрсетіледі. Оларға:

1) жалғызілікті және жалғыз тұратын күнкөрісі төмен:

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-тармағында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар;

бірінші және екінші топтағы мүгедектер;

екі айдан астам мерзімге уақытша еңбекке қабілетсіздік белгіленетін аурулары бар адамдар;

2) күнкөрісі төмен отбасылардың еңбекке қабілетті жастағы мүшелерінің барлығы:

бірінші және екінші топтағы мүгедек болып табылатын және (немесе) екі айдан астам мерзімге уақытша еңбекке қабілетсіздік белгіленетін аурулары бар және (немесе) жеті жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, үнемі бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж қарияларға күтімді жүзеге асыратын адамдар жатады.

Шартсыз ақшалай көмекті уәкілетті орган өтініш берілген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындайды және ай сайын төленеді.

21. Шартсыз ақшалай көмекті алушы тоқсан сайын:

отбасы мүшелерінің алған табыстары туралы;

отбасының құрамы туралы мәліметтерді ұсынады.

22. Отбасының жиынтық табысы және (немесе) отбасының құрамы өзгерген жағдайда шартсыз ақшалай көмектің мөлшері өтініш беру айынан бастап ағымдағы тоқсанның соңына дейінгі мерзімге дейін қайта есептеледі.

Бұл ретте, шартсыз ақшалай көмекті тағайындау, оның мөлшерінің өзгеруі осы Қағидалардың 13-17-тармақтарында белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

**2-параграф. Шартты ақшалай көмек тағайындау тәртібі**

23. Шартты ақшалай көмек жалғызілікті және (немесе) жалғыз тұратын еңбекке қабілетті табысы аз адамдарға, сондай-ақ өз құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар табысы аз отбасыларға ол (олар) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) қажет болған кезде әлеуметтік бейімдеу шараларына қатысқан жағдайда көрсетіледі

Шартты ақшалай көмекті уәкілетті орган әлеуметтік келісімшарттың қолдану мерзіміне (алты айға дейін) тағайындайды, әлеуметтік келісімшартта бекітілген кезеңге ай сайын немесе біржолғы төлем ретінде төленеді.

Біржолғы шартты ақшалай көмек үш айда бір рет төленеді.

Біржолғы төлем әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты іс-шараларға, жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (

үй малын, құстарды және басқаларды сатып алуға), дара кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға (бұрын алған қарыздарды өтеуді, тұрғын үй сатып алуды қоспағанда) ғана қолданылады.

24. Шартты ақшалай көмек тағайындаудың шарттары мынадай:

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және (немесе) бейімдеу бағдарламаларына қатысу бойынша тараптардың міндеттемелері көрсетілген әлеуметтік келісімшарт жасасу;

күнкөрісі төмен еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына қатысуы.

25. Күнкөрісі төмен отбасының мынадай мүшелеріне:

бірінші және екінші топтағы мүгедектерге;

күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларға, студенттерге, тыңдаушыларға, курсанттарға және магистранттарға;

екі айдан астам мерзімге уақытша еңбекке қабілетсіздік белгіленетін аурулары бар адамдарға;

жеті жасқа дейінгі балаға, мүгедек балаға, бірінші немесе екінші топтағы мүгедекке, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж қарттарға күтімді жүзеге асыратын адамдарға;

тұрақты жұмысы бар адамдарға шартты ақшалай көмек тағайындау кезде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу міндетті шарт болып табылмайды.

26. Орталық өтініш беруші немесе әкім ұсынған құжаттар пакеті негізінде:

1) жұмыспен қамтылмаған еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің санын айқындайды;

2) Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 13-бабына сәйкес жұмыспен қамтылмаған еңбекке қабілетті адамдарды және жұмыспен қамтылмаған еңбекке қабілетті отбасы мүшелерін жұмыс іздеуші адамдар ретінде тіркеуді жүзеге асырады;

3) Халықты жұмыспен қамту туралы заңның 13-бабында белгіленген мерзімдерге сәйкес жұмыс іздеуші адам ретінде тіркелген еңбекке қабілетті адамдарға немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне бар бос орындар ( лайықты жұмыс) туралы хабарламалар жібереді.

Хабарлама тіркелген еңбекке қабілетті адамдарға немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне өтініш беруші, әкім және (немесе) ақпараттық ресурстар арқылы тікелей беріледі;

4) еңбекке қабілетті адамдар немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелері жұмысқа орналасуға келіскен кезде – оларға жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

Тіркелген еңбекке қабілетті адамдар немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелері біліктілігінің, білім деңгейінің сәйкес келмеуіне немесе лайықты жұмыстың көліктік қолжетімділігінің сәйкес келмеуіне байланысты ұсынылған бос орындардан бас тартқан кезде Орталық мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларының аясында ұсынады;

5) мынадай:

біржолғы шартты ақшалай көмекті төлеу;

ұсыну туралы шешім уәкілетті органның құзыретінен шығатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің және әлеуметтік бейімдеудің белсенді шараларын көрсету;

шартты ақшалай көмекті ұзарту мәселесін қарастыру кезінде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияға шартты ақшалай көмек тағайындауды келісу үшін тізімді береді;

6) учаскелік комиссияның қорытындысын немесе учаскелік комиссияның қорытындысы бар құжаттарды әкімнен, сондай-ақ қажеттігіне қарай жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның ұсынымын алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бейімдеу шаралары қамтылған жеке жоспарды құрастырады және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшарт жасайды.

Әлеуметтік келісімшартта осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралардың үлгілік тізбесінде ұсынылған жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің және әлеуметтік бейімдеудің белсенді шараларын орындау жөніндегі тараптардың міндеттемелері көрсетіледі;

7) әлеуметтік келісімшарт жасасқан күннен бастап бір жұмыс күні ішінде ЭҚП-ны немесе құжаттардың қағаз жеткізгіштегі пакетін, халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның ұсынымымен, сондай-ақ талаптар қол қойған әлеуметтік келісімшартпен қоса атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін уәкілетті органға жолдайды.

27. Еңбекке қабілетті адамдар немесе отбасы мүшелері лайықты жұмыстан не жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары аясындағы мемлекеттік қолдау шараларынан бас тартқан кезде Орталық бір жұмыс күні ішінде:

жұмыспен қамту орталығының осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беруші және (немесе) еңбекке қабілетті отбасы мүшесі ( мүшелері) куәландырған қол қойған қорытындысын дайындайды;

18 жасқа дейінгі балаларға, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны

бойынша оқитын адамдарға, олар кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) және отбасының басқа мүшелерін қоспағанда, жеті жасқа дейінгі балаларына күтімді жүзеге асыратын аналарға шартты ақшалай көмек тағайындау туралы электрондық шешім жобасын қалыптастырады;

өтініш берушінің құжаттар пакеті және Орталықтың еңбекке қабілетті адамдардың немесе отбасы мүшелерінің лайықты жұмыстан не мемлекеттік қолдау шараларынан, оның ішінде жұмыспен қамтудың белсенді шаралары шеңберінде бас тартуы туралы қорытындысы қоса берілген электрондық шешім жобасын шартты ақшалай көмек тағайындау үшін уәкілетті органға жолдайды.

28. Әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелер орындалмаған кезде Орталық күнтізбелік екі күннің ішінде өтініш берушіге және (немесе) еңбекке қабілетті адамға және (немесе) еңбекке қабілетті отбасы мүшелеріне осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелердің алғашқы рет (қайта) орындалмауы туралы хабарлама жолдайды.

Орталық жолдама жіберген сәттен бастап күнтізбелік жеті күннің ішінде өтініш беруші немесе еңбекке қабілетті адам (отбасы мүшесі) әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерін орындау бойынша шараларды қабылдамаған жағдайда Орталық бір жұмыс күні ішінде:

1) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытындысын дайындайды;

2) 18 жасқа дейінгі балаларды, кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытына дейін (жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын адамдарды және жеті жасқа дейінгі балаларына күтімді жүзеге асыратын аналарды қоспағанда, шартты ақшалай көмектің мөлшерін үш айлық мерзімге, бірақ әлеуметтік келісімшарттың аяқталу мерзімінен аспайтын мерзімге 50%-ға азайту туралы электрондық шешім жобасын қалыптастырады;

3) шартты ақшалай көмектің мөлшерін азайту туралы электрондық шешім жобасын әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытындысымен қоса осы Қағидалардың 13-тармағында айқындалған тәртіппен уәкілетті органға жолдайды;

4) алушыны осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелердің алғаш рет (қайтадан) орындалмағаны туралы хабардар етеді.

29. Уәкілетті орган шартты ақшалай көмектің мөлшерін азайту туралы шешім шығарғаннан кейін, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелердің қайта орындалмағаны анықталған кезде Орталық бір жұмыс күні ішінде:

әлеуметтік келісімшартты бұзу туралы қорытынды дайындайды;

18 жасқа дейінгі балаларды, кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітірген уақытына дейін (жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын адамдарды және жеті жасқа дейінгі балаларына күтімді жүзеге асыратын аналарды қоспағанда, отбасыға шартты ақшалай көмекті тоқтату туралы электрондық шешім жобасын қалыптастырады;

отбасыға шартты ақшалай көмекті тоқтату туралы электрондық шешім жобасын әлеуметтік келісімшарт міндеттемелерінің бұзылуы туралы қорытындымен қоса осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген тәртіппен уәкілетті органға жолдайды;

алушыны осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес әлеуметтік келісімшартта көзделген міндеттемелердің алғаш рет (қайтадан) орындалмағаны туралы хабардар етеді.

30. Уәкілетті орган отбасыға төленетін шартты ақшалай көмектің мөлшерін азайту немесе оны тоқтату туралы шешімді осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында айқындалған тәртіппен қабылдайды.

31. Әлеуметтік келісімшартты мынадай:

отбасы мүшелерін әлеуметтік бейімдеу қажет болған;

еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің кәсіптік оқытуды және (немесе) жастар практикасын және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылуы аяқталмаған жағдайларда алты айға дейін ұзартуға болады.

Әлеуметтік келісімшартты ұзарту кезінде шартты ақшалай көмектің мөлшері қайта қаралмайды.

32. Уәкілетті орган әлеуметтік келісімшартты ұзартуға байланысты адамға ( отбасыға) шартты ақшалай көмек төлемін ұзарту туралы шешімді осы Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында айқындалған тәртіппен мыналардың:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алушының жазбаша өтініші;

2) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшартқа қосымша келісім негізінде. Қосымша келісім әлеуметтік келісімшарт мерзімінің аяқталуына күнтізбелік он күн қалғанға дейін жасалады.

3) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның қорытындысы;

4) ұйымдардың шартты ақшалай көмек алушының оқуда немесе жастар практикасында немесе әлеуметтік жұмыс орындарында болуы туралы мәліметтері;

5) Орталықтың шартты ақшалай көмек төлеуді ұзарту туралы шешімінің жобасы негізінде қабылдайды.

33. Шартты ақшалай көмекті тағайындау, шартты ақшалай көмек төлемін ұзарту кезінде еңбекке қабілетті адамның немесе еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің әлеуметтік келісімшартты іске асыру кезеңінде тапқан табысы отбасының жиынтық табысына қосылмайды.

34. Орталық, уәкілетті орган шартты ақшалай көмек мөлшерін азайту туралы, шартты ақшалай көмек төлемін тоқтату туралы немесе ұзарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушінің өзіне немесе әкім арқылы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы әлеуметтік көмек төлемін тоқтату (мөлшерін өзгерту), ұзарту туралы хабарлама береді.

35. Әлеуметтік келісімшартты іске асыруды мониторингілеуді ауданда ( қалада) консультант, ал ауылдық жерде – ассистент жүргізеді.

36. Ассистент ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 3 күніне дейінгі мерзімде консультантқа осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеу туралы есепті ұсынады.

Консультант ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 күніне дейінгі мерзімде осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға әлеуметтік келісімшартты сүйемелдеу туралы есепті ұсынады.

## 3-тарау. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау тәртібі

37. Алушыға атаулы әлеуметтік көмек төлеу уәкілетті органның шешімі негізінде ақшалай нысанда жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Артық төленген қаражат өз еркімен қайтаруға жатады, ал бас тартқан жағдайда – сот тәртібінде қайтарылады.

38. Атаулы әлеуметтік көмек төлеу атаулы әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

## Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш

Халықты жұмыспен қамту орталығына ______________________________________
_______________

(елді мекен, аудан, облыс)

__________________________________________________________________________

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

_______________________________________________________________ мекенжайында тұратын

(елді мекен, аудан)

__________________________________________________________________________

(көшесі, үй және пәтер, телефон №)

жеке сәйкестендіру нөмірі ______________________________________________

жеке басты куәландыратын құжат:

құжат түрі___________________________________________________________

құжат № /сериясы ________ берілген күні ________ кім берді_________

Менің ______ адамнан тұратын отбасыма:

(белгі қойылсын)

шартсыз ақшалай көмек

☐

шартты ақшалай көмек (бір жолғы/ай сайынғы)

☐

(қажетінің асты сызылсын)

түріндегі атаулы әлеуметтік көмек тағайындауды/ұзартуды (қажеті сызылсын ) сұраймын,

сондай-ақ мені және (немесе) менің отбасымның еңбекке қабілетті мүшелерін халықты

жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға жіберуді сұраймын.

Сонымен қатар маған және менің отбасымның мүшелеріне әлеуметтік бейімдеу

шараларын көрсету мүмкіндігін қарастыруды сұраймын.

Менің отбасымның құрамы келесідей:

| Бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші және отбасы мүшелері туралы мәліметтер | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Мәртебесі (жұмыс істейді, жұмыс істейтін зейнеткер, жасы бойынша зейнеткер, мүгедек, | Жұмыс істейтіндердің жұмыс орны және қызметі, қазіргі | |

| Жеке сәйкестендіру нөмірі № | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Туыстық қатынастары | жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруашылығындағы адам, студент, оқушы, мектепке дейінгі оқушы) | кездегі мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың оқу орны | 15 жастан асқан адамдардың білімі (диплом бойынша мамандығы) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| Басқа мекенжай бойынша тіркелген отбасы мүшелері туралы мәліметтер*: | | | | | | |
| | | | | | | |

Ескертпе:

* бірге тұратын, ортақ шаруашылық жүргізетін және бір елді мекенде тіркелген отбасы мүшелері көрсетіледі.

20__жылғы ___тоқсанда менің отбасымның табысы келесідей:

| Отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Жұмыс, оқу орны | Құжат бойынша расталған табыс сомасы | | | | Басқа да көрсетілген табыстар | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Еңбеккеақы төлеу бойынша | Зейнетақы, жәрдемақы және басқа төлемдер | Стипендиялар | Алименттер | Кәсіпкерлік қызметтен, басқа да қызметтерден | Табыстың өзге түрлері |
| | | | | | | | |

Осы арқылы жобаға қатысу заңдылығын бағалау үшін менің отбасымның мүшелері (мені қоса алғанда) туралы ақпаратты (табысы, білімі, тұрғылықты жері, отбасылық жағдайы) пайдалануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты мемлекеттік органдарда тексеруге, сәйкестікке келтіруге және жаңартуға келісім білдіремін.

Мен ұсынған ақпараттың құпия екені және ол әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін ғана пайдаланылатыны туралы хабардармын.

Мен ұсынған деректерде өзгерістер туындаған жағдайда олар туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауапқа тартылатыным туралы ескертілді.

Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және (немесе) әлеуметтік төлемдерді аударуға арналған жеке банк шотын ашу мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай шоттағы ақшаны үшінші адамдардың өндіріп алуға жүгінуіне жол берілмейтіні туралы хабардар етілдім.

Өтініш берушінің байланыс деректері:

телефон__________ ұялы телефон ____________ E-mail_________________

20___ жылғы "___" __________ ____________________

(күні) (өтініш берушінің қолы)

**Жұмыспен қамту орталығының қызметтік белгілері үшін**

Құжаттар қабылданды

20___ жылғы "____"___________

________________________________________________________________
_______

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса),

лауазымы, қолы)

Өтініш берушінің (отбасының) тіркеу нөмірі ___________

Өтініш қоса берілген құжаттармен учаскелік комиссияға берілді:

20___ жылғы "___"_____________ ____________________________________
______________

(Құжаттарды тапсыратын адамның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)

20___ жылғы "____"___________ учаскелік комиссия өтінішті қоса берілген

құжаттармен қабылдады_____________________________________________
______________

(Құжаттарды қабылдаған учаскелік комиссия

мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

20___ жылғы "____"___________ учаскелік комиссиядан өтінішті қоса берілген

құжаттармен қабылдады_____________________________________________
______________

(Құжаттарды қабылдаған учаскелік комиссия

мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы)

Халықты жұмыспен қамту орталығының кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен өтініш

берушінің құжаттарын қабылдаған күні 20___ жылғы "____"________ ______
______________

(Құжаттарды жеткізетін адамның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса), қызметі, қолы)

________________________________________________________________
______________

(Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса), қызметі, қолы)

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

(үзбелі талонның қию сызығы)

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы

ескертілдім.

Азамат (ша) _____________________________ өтініші қоса берілген ______ данадағы

құжаттармен, отбасының ________________ тіркеу нөмірімен 20___ жылғы " ___"_______
қабылданды.

__________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________

Құжаттарды қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қызметі, қолы

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер**

| Жеке қосалқы шаруашылық объектісі | Өлшем бірлігі | Саны | Жасы (үй малының, құстың) |
|---|---|---|---|
| Саяжай | | | |
| Бақша | | | |
| Жер учаскесі, оның ішінде үй жанындағы | | | |
| Шартты жер үлесі | | | |
| Мүліктік пай (берілген жылы) | | | |
| Үй малы, құсы: | | | |
| Ірі қара: сиыр, бұқа | | | |
| Жылқы: бие, айғыр | | | |
| түйе | | | |
| қой, ешкі | | | |
| тауық, үйрек, қаз | | | |
| шошқа | | | |

_____________________________________________ ________________
(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Күні ___________________

__________________________________________________________________________________

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, ауылдық округ әкімінің немесе жеке қосалқы
шаруашылық көлемі туралы мәліметті растай алатын өзге лауазымды адамның тегі, аты,

әкесінің аты (бар болса)

________________________

(қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік<br>көмекті тағайындау және төлеу<br>қағидаларына<br>3-қосымша<br>Нысан

**Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу**

Орталық немесе әкім өтініш берушіден атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға құжаттарды қабылдаған кезде, өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің ЖСН-і бойынша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне мынадай:

1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын;

2) отбасының әрбір мүшесінің тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы;

3) жәрдемақы беру бойынша уәкілетті ұйымның банктік деректемелері туралы;

4) мүгедектіктің белгіленуі туралы;

5) Қазақстан Республикасында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін туған балалары бойынша бала тууды (қайтыс болу) тіркеу (барлық балаларға) туралы;

6) балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы;

7) бала асырап алу туралы;

8) Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін тіркеу жүргізілгендер бойынша неке қиюды (неке бұзуды) тіркеу туралы;

9) егер асырауындағы он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі адамдар күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын болып табылса – оқу орнында оқитын фактісі туралы;

10) табысы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түсетін табыстары) туралы;

11) дара кәсіпкер статусы туралы;

12) өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінде атаулы әлеуметтік көмек төлеу немесе тағайындауға өтініш беру фактісінің бар-жоғы туралы мәліметтерді алу үшін сұрау салады қалыптастырады.

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дан және ЕДБ АЖ-дан сұратылған мәліметтерді растаудың электрондық құжаттары сәйкесінше мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дың, ЕДБ-ның

ЭЦҚ-сымен, сондай-ақ сұрау салу жүргізген Халықты жұмыспен қамту орталығының немесе әкімнің немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органның ЭЦҚ-сымен куәландырылады.

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

1) АЖ – ақпараттық жүйе;

2) ЕДБ – Екінші деңгейлі банк;

3) ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы ҚОЛХАТ №_______ 20____ жылғы "___" __________**

Халықты жұмыспен қамту орталығы_______________________________________
_______________

(елді мекен, аудан, облыс)

Азамат (ша) ______________________________________________________________
______________

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні 20______ жылғы "____" __________________

Жүгінген күні 20 ____ жылғы "____" ________________

Қажетіне белгі
қойылсын

Құжаттар пакетінің толық болмауы
және (немесе) қолдану мерзімі өтіп кеткен

☐

құжаттарды ұсыну себебі бойынша
тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тартылды

Ұсынылған құжаттардың және (немесе)
олардағы ақпараттардың (мәліметтердің)
дәйексіздігінің анықталу себебі бойынша

☐

тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тартылды

Ақпараттық жүйенің деректеріне сәйкес
тағайындалу, төлеу немесе өтініш беру фактісінің

☐

расталу себебі бойынша
атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға
өтініш қабылдаудан бас тартылды

______________________________________________________________________________________

(жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы және қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

## Атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтінішті тіркеу журналы

| Р/с № | Отбасының тіркеу нөмірі | Өтініш қабылдау күні | Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Өтініш берушінің мекенжайы | Учаскелік комиссия қарауына берілген күні | Учаскелік комиссиядан қорытынды қабылдаған күн | Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссияның қарауына жолданған күн | Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі аудандық (қалалық) немесе өңірлік комиссиядан ұсыным алынған күн | Әлеуметтік келісімшарт жасау нөмірі мен күні | Уәкілетті органға өтініш берушінің құжаттар пакеті қосылған шешім жобасын жолдаған күн | Атаулы әлеуметтік көмек түрі (шартты/шартсыз) | Уәкілетті органның тағайындау (ұзарту, өзгерту, тоқтату, немесе тағайындаудан бас тарту) туралы шешімінің күні | Тағайындау кезеңі (аймен көрсетілсін) | Отбасыға тағайындалған төлемнің жалпы сомасы (теңге) | Қосымша келісімнің нөмірі және күні | Қосымша келісім бойынша тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы уәкілетті орган шешімінің күні | Отбасыға тағайындалған төлемнің жалпы сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**Учаскелік комиссияның 20__ жылғы "__" _______ № ____ қорытындысы**

Учаскелік комиссия "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17

шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес отбасының ( өтініш берушінің)

________________________________________________________________________________

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттардың және өтініш

берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде отбасына

(адамға) шартты/шартсыз ақшалай көмек түрінде (біржолғы/ай сайын) мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек көрсету

(қажетінің асты сызылсын)

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

туралы (қажеттілігі, қажет еместігі)

қорытынды шығарды.

Комиссия төрағасы:

______________________________ ___________________________________________________

Комиссия мүшелері:

______________________________ ___________________________________________________

______________________________ ___________________________________________________

______________________________ ___________________________________________________

______________________________ ___________________________________________________

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

____ данада қоса берілген

құжаттармен қорытынды

20__ жылғы "__" ________ қабылданды.

_____________________________________________________________________________________

халықты жұмыспен қамту орталығы қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты ( бар болса),

лауазымы, қолы_______________________________________________________________

немесе өтініш беруші ауылдық елді мекенде тұрған жағдайда, құжаттарды қабылдаған

кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қолы.

Учаскелік комиссияның
20__ жылғы "__" _______
№ ____ қорытындысына
қосымша
Нысан

**Учаскелік комиссияның атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш берушінің материалдық жағдайын тексеру актісі**

20__ жылғы "__" ________ ______________________________________________________

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) ____________________________

2. Тұрғылықты мекенжайы ___________________________________________________

3. Жұмыс орны, лауазымы ___________________________________________________

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар ескеріледі)____________ адам, оның ішінде:

| № | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Өтініш берушіге туыстық қатынасы | Білімі | Жұмысы, ( жұмыс, оқу, орны, өзін-өзі жұмыспен қамтылған | Жұмыссыздықтың себебі | Жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелуі туралы дерек тер | Қоғамдық жұмыстарға, кәсіптік дайындыққа (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың мемлекеттік |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | , жұмыссыз ) | | | шараларын а қатысуы туралы мәліметтер |

Еңбекке қабілетті адамдардың барлығы _________.

Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар _______.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан

Республикасы Заңының 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген себептер бойынша

жұмыссыз _______ адам.

Жұмыссыздықтың басқа да себептері (іздеуде, бас бостандығынан айыру

орындарында) ______ адам.

Кәмелетке толмаған балалардың саны _______ адам, оның ішінде:

мемлекеттің толық қамтамасыз етуімен оқитындар _____ адам;

жоғары және арнайы орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар – ____ адам,

оқушыға оқудың бір жылдық құны ________ теңге.

5. Тұру жағдайы (жатақхана, жалдамалы, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік

тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе басқасы)

(қажетінің асты сызылсын)

______________________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________________

Ас үйді, қойманы және дәлізді қоспағанда бөлмелер саны_________________________

Тұрғын үйді бір айда ұстап тұру шығындары_____________________________________

______________________________________________________________________________________

6. Отбасының табысы:

| № | Табысы бар отбасы мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты ( | Табыс түрі | Жүгінген тоқсан алдындағы тоқсандағы сомасы | Жеке қосалқы шаруашылық (аула алдындағы учаске, мал мен құс), саяжайдағы және |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бар болса) (оның ішінде өтініш берушінің) | | | жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер |

7. Бар-жоғы:

автокөліктің (маркасы, шыққан жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланудан түскен табыс)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

өзге тұрғын үй, қазіргі кезде тұрып жатқанды қоспағанда (оны пайдаланудан түскен табыс)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

8. Отбасының өзге табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

____________________________________________________________

____________________________________________________________

9. Мұқтаждық көрінісінің белгілері

____________________________________________________________

____________________________________________________________

____________________________________________________________

10. Ауқаттылық көрісінің белгілері

____________________________________________________________

____________________________________________________________

11. Санитариялық-эпидемиологиялық тұру жағдайы

____________________________________________________________

____________________________________________________________

12. Учаскелік комиссияның басқа байқаулары:

____________________________________________________________________
______________

____________________________________________________________________
______________

Комиссия төрағасы:

___________________________ _______________________________________
________

Комиссия мүшелері:

_________________________ _________________________________________
________

_________________________ _________________________________________
________

_________________________ _________________________________________
________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

____________________________________________________________________
______________

Тексеруден бас тартамын

____________________________________________________________________
______________

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(немесе отбасының басқа мүшелері).

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
7-қосымша

Нысан Коды ___________

Облыс (қала) ______________

**Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы төлем мөлшерін өзгерту, (төлем кезеңін ұзарту, тағайындауды тоқтату, тағайындаудан бас тарту)**

_______________________(ауданы) бойынша

20__ жылғы ___ ___________ № _____________

Отбасы ісін тіркеу № ___________

Өтініштің күні/нөмірі__________________________

Өтініш беруші______________________________________________________
_____________

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жүгінген күні 20__ жылғы "___" __________
Жеке сәйкестендіру нөмірі ____________________________________________
______________

Өтініш берушінің тұрғылықты жері ____________________________________
______________

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға есептер:
Отбасындағы адамдардың саны: _______________________________________
______________

_________жылғы ____ тоқсандағы отбасының табысы
1.____________________________________ _____________________________
___ теңге
2.____________________________________ _____________________________
___ теңге
3.____________________________________ _____________________________
___ теңге
Отбасының тоқсандағы жалпы табысы ___________________________________
___ теңге
Отбасының орташа айлық табысы: _____________________________________
___ теңге
Айлар бойынша АӘК тағайындау:

| Р/с № | Айы | Бір адамға мөлшері | Жалпы тағайындалды | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Адам | Сомасы |
| | | | | |
| | Барлығы | | | |

1. Адамға (отбасына) атаулы әлеуметтік көмек тағайындау 20__ жылғы "___" __________ бастап 20__ жылғы "___" __________ дейін сомасы____________ ___ теңге
сомасында (шартты/шартсыз ақшалай көмек – қажеті жазылсын)
____________________________________________________________________
______________

(сомасы жазбаша)

2. Атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін өзгерту 20__ жылғы "___" ________ бастап 20__
жылғы "___" ________ дейінгі сомасы _______________ теңге сомасында белгіленсін
(шартты/шартсыз ақшалай көмек – қажеті жазылсын)
____________________________________________________________________
______________

(сомасы жазбаша)

___________________________________________________________________ ______________

(негіздеме)

3. Атаулы әлеуметтік көмек төлеу кезеңін 20__ жылғы "___" __________ бастап 20__

жылғы "___" __________ дейін ұзартылсын және _______________ теңге сомасында

белгіленсін (шартты/шартсыз ақшалай көмек – қажеті жазылсын)

___________________________________________________________________ ______________

(сомасы жазбаша)

___________________________________________________________________ ______________

(негіздеме)

4. 20__ жылғы "__" _______ бастап (шартты/шартсыз ақшалай көмек – қажеті

жазылсын) атаулы әлеуметтік көмек тоқтатылсын

___________________________________________________________________ ______________

(негіздеме)

5. Атаулы әлеуметтік көмек тағайындаудан (шартты/шартсыз ақшалай көмек – қажеті

жазылсын) бас тартылсын

___________________________________________________________________ ______________

(негіздеме)

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

басшысы_______________________________________ ____________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің

маманы______________________________ ______________________________ ______________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Шешім жобасы дайындалды:

Аудандық (қалалық) халықты жұмыспен қамту орталығының директоры

_____________________________________ _____________________________ _____________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Халықты жұмыспен қамту орталығы құрылымдық бөлімшесінің басшысы

_____________________________________ _____________________________ _____________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Халықты жұмыспен қамту орталығының маманы

_____________________________________ _____________________________ _____________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Коды __________

Облыс (қала) _____________

**Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы № __ ___ хабарлама**

20__ жылғы ___ __________

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

___________________________________________________________________ _______________

Өтініш берушінің туған күні___________________________________________ ________

20__ жылғы ___ __________ № ____ атаулы әлеуметтік көмекті

тағайындау/тағайындаудан бас тарту туралы шешімі

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Сізге атаулы әлеуметтік

көмекті __________теңге мөлшерінде тағайындалғаны/тағайындаудан бас тартылғаны туралы

хабарлайды (қажетінің асты сызылсын), себептері:

кедейлік шегі деңгейінің жанбасына шаққандағы орташа табысы асады;

құжаттар пакетінің толық болмауы;

өтініш берушінің, отбасы мүшесінің (мүшелерінің) учаскелік комиссияның отбасының

және материалдық жағдайын тексеруінен бас тартуы;

дәйексіз (жасанды) және жалған ақпарат беру фактісінің анықталуы;

атаулы әлеуметтік көмекті тағайындалғандығы немесе өтінішті беру фактісінің

анықталуы.

Құжаттарды қайтару күні 20__ жылғы "___" __________

Хабарлама жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жауапты

адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылды.

Уәкілетті органның басшысы

__________________________________________________ ____________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Уәкілетті органның маманы _______________________ ______________________________

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (қолы)

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік
көмекті тағайындау және төлеу
қағидаларына
9-қосымша
Нысан

**Әлеуметтік келісімшарт**

___________________ № ______ 20 ___ жылғы "_____" ____________

(жасалған орны)

Бұдан әрі "Халықты жұмыспен қамту орталығы" деп аталатын

_______________________________________________________________________ атынан

(халықты жұмыспен қамту орталығының атауы)

_______________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), халықты жұмыспен қамту орталығы өкілінің атқаратын

лауазымы) бір тараптан және бұдан әрі "шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш беруші"

деп аталатын отбасы атынан шығатын – шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш беруші,

_______________________________________ мекенжайда тұратын азамат (-ша)

_______________________________________________________________________________

_______________________________________________________________________________

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың атауы, жеке

сәйкестендіру нөмірі, құжаттың сериясы, нөмірі, кім және қашан берді)

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

екінші тараптан төмендегілер туралы шартты ақшалай көмек тағайындауға осы әлеуметтік
келісімшартты (бұдан әрі – келісімшарт) жасасты:

**1. Келісімшарт мәні**

1. Келісімшарт мәні осы әлеуметтік келісімшартқа қосымшаға сәйкес келісімшарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Отбасын (адамды) өмірлік қиын жағдайдан шығарудың жеке жоспарына (бұдан әрі – Жеке жоспар) сәйкес қатысушыны өмірлік қиын жағдайдан шығаруға жәрдемдесуде тараптардың қарым-қатынасын реттеу болып табылады.

**2. Келісімшарт тараптарының міндеттері**

2. Халықты жұмыспен қамту орталығы:

1) өтініш берушіге шартты ақшалай көмек тағайындауға консультациялық қызметтер көрсетуге;

2) әлеуметтік келісімшартты іске асыру кезеңінде отбасымен әңгімелесу жүргізу, қажетті құжаттарды толтыруға жәрдемдесу, жұмыс іздеу, келісімшарт міндеттемелерін орындау арқылы ассистентті/консультантты тарта отырып сүйемелдеуге;

3) Жеке жоспарға сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу іс-шараларын ұсынуды ұйымдастыруға (қажет болған жағдайда);

4) Жеке жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруға жұмылдырылған басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

5) отбасының (адамның) өзін-өзі қамтамасыз етуге өтуіне жәрдемдесу және келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде сүйемелдеуді қамтамасыз етуге;

6) ассистенттерді/консультанттарды тарта отырып қатысушының және ( немесе) оның отбасы мүшелерінің Жеке жоспарды орындау бойынша келісімшарттың міндеттемелерін орындауына ай сайын мониторинг жүргізуге міндеттенеді.

3. Шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш беруші және оның отбасы мүшелері:

1) келісімшарт талаптарын және Жеке жоспар бойынша іс-шараларды толық көлемде орындайды және өмірлік қиын жағдайдан шығу жөнінде белсенді іс-әрекеттер қабылдайды;

2) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу нәтижесінде халықты жұмыспен қамту орталығы ұсынған жұмыс орнына жұмысқа орналасады;

3) әлеуметтік бейімдеу бойынша Жеке жоспарда жоспарланған іс-шараларды орындайды;

4) халықты жұмыспен қамту орталығына шартты ақшалай көмек тағайындауға және оның мөлшеріне әсер ететін жағдайлардың туындауы, сондай-ақ банктік шоттың және (немесе) мекенжайдың өзгергені (тиісті өзгерістер көрсетілген құжаттармен қоса) туралы ақпаратты көрсетілген жағдайлар туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады;

5) халықты жұмыспен қамту орталығына немесе аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, ауылдық округтің әкіміне осы келісімшартта көзделген міндеттемелердің орындалуына мониторинг үшін қажетті құжаттар мен материалдарды уақтылы және толық көлемде ұсынады;

6) қолданылмаған немесе мақсатсыз қолданылған ақшалай қаражатты, сондай-ақ шартты ақшалай көмекті заңсыз тағайындауға әкеп соқтырған жалған мәліметтер ұсынғаны анықталған жағдайда, заңсыз алынған ақшалай қаражатты қайтарады.

**3. Келісімшарт тараптарының құқықтары**

4. Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы:

1) үшінші тұлғалардан (мемлекеттік кіріс органдарынан және басқа да ұйымдар мен мекемелерден) шартты ақшалай көмек алуға өтініш берушінің оның отбасы мүшелерінің табысы мен мүлкі, оның ішінде банктік шоттарындағы ақша қозғалысы туралы қосымша мәліметтерді, сондай-ақ әлеуметтік бейімдеу шаралар алғаны туралы мәліметтерді қатысушының оларды орындағанын тексеру үшін сұратады;

2) егер өтініш беруші, отбасы келісімшарт міндеттемелерін орындамаса алынған ақпаратты шартты ақшалай көмекті қайта есептеу, тоқтата тұру, тоқтату туралы уәкілетті органның шешімі жобасын дайындау үшін пайдаланады;

3) келісімшарт талаптарын уақтылы және дұрыс орындалуын талап етеді және бақылайды;

4) келісімшарт шеңберінде өзге де мәселелерді шешеді.

